

"Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қорғалу аймағын белгілеу туралы"
Ақмола облысы әкімдігінің 2007 жылғы 23 қаңтардағы № А-2/22 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 14 мамырдағы № А-4/201 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 маусымда № 3759 болып тікелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 10-бабына сәйкес, «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағын кеңейтудің технико-экономикалық негіздемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2009 жылғы 21 қазандағы № 299 бұйрығының негізінде, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қорғалу аймағын белгілеу туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2007 жылғы 23 қаңтардағы № А-2/22 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3217 болып тіркелген, «Арқа ажары» газетінде 2007 жылғы 20 наурызда және «Ақмолинская правда» газетінде 2007 жылғы 10 сәуірде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«1. «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қорғалу аймағының жерлерін шаруашылық аралық жерге орналастыру бойынша бекітілген жобаға сәйкес, жалпы аумағы 377 166 гектар, оның ішінде 152 182 гектар Бурабай ауданындағы, 216 222 гектар Еңбекшілдер ауданындағы, 8762 гектар Бұланды ауданындағы жер телімдері шекарасында «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің айналасында қорғалу аймағы белгіленсін.»;

келесі мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 28-бабына сәйкес, Ақмола облысындағы «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қорғалу аймағы аумағында шаруашылық қызметті реттейтін режим белгіленсін.»;

2-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«2. Қоса ұсынылып отырған «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қорғалу

аймағы аумағында табиғатты пайдалану қағидалары бекітілсін.»;

Аталған қаулымен бекітілген «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында табиғатты пайдаланудың тәртібі мен режимін белгілеу қағидалары осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Қ. Айтмұхаметов

А қ м о л а о б л ы с ы ә к і м д і г і н і н

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 1 4 м а м ы р д а ғ ы

№ А - 4 / 2 0 1 қ а у л ы с ы н а

қосымша

А қ м о л а о б л ы с ы ә к і м д і г і н і н

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 3 қ а н т а р д а ғ ы

№ А - 2 / 2 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қорғалу аймағы аумағында табиғатты пайдалану қағидалары

1. Осы «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында табиғатты пайдаланудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында табиғатты пайдалану тәртібін б е л г і л е й д і .

2. Осы Қағидалар Ұлттық парктің қорғалу аймағының құрамына енгізілген барлық жерлерге тарайды, атап айтқанда:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге;
елді мекендердің жерлеріне;
көлік, байланыс және энергетика жерлеріне;
сауықтыру және рекреациялық мақсаттағы жерлерге;
орман қорының жерлеріне;
су қорының жерлеріне;
қосалқы жерлерге.

3. Ұлттық паркі қорғалу аймағының аумағында:

- 1) жаңа елді мекендер құруға және бар елді мекендерді кеңейтуге;
- 2) Ұлттық парктің экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға, жаңа технологиялар енгізуге;
- 3) өсімдіктер мен жануарлар әлемі үшін зәрлі улы химикаттар, тыңайтқыштар мен

гербицидтер қолданылатын ауыл шаруашылығының және орман шаруашылығының қарқынды нысандарын енгізуге;

4) атмосфераға және ашық су көздері мен рельефке ластаушы заттар шығаруға және сарқынды суларды төгуге, қалдықтарды орналастыруға;

5) пайдалы қазбалар өндіруге;

6) әуесқойлық (спорттық) және кәсіпшілік аң аулауға;

7) радиоактивті материалдар мен өнеркәсіп қалдықтарын көмуге;

8) мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелерінің гидрологиялық режимін өзгертетін қызметке (бөгеттер, дамбалар, гидротехникалық құрылыстар және табиғи су ағынын тоқтатуға немесе азайтуға әкеп соғатын басқа да объектілер салуға);

9) жабайы жануарлар мен жабайы өсімдіктердің бөтен түрлерін жерсіндіруге;

10) Ұлттық паркі экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін басқа да қызметке тыйым салынады.

4. Ұлттық паркі қорғалу аймағының аумағында:

1) орман шаруашылығы қызметі;

2) мал жайылымы және шөп шабуды қоса алғанда, дәстүрлі жер пайдалану, сондай-ақ биологиялық саналуандықты ұзақ мерзімді сақтау мен оның беріктігін қамтамасыз ету аясында өзге де қызмет;

3) туристік және рекреациялық қызмет;

4) минералды суларды, жер астының жылы суларын және климаттық ресурстарды пайдалану;

5) кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық) балық аулау;

6) орман және дала өрттерін сөндіру жөнінде жердегі және авиациялық жұмыстарды жүргізу;

7) бүлінген жерлерді рекультивациялау;

8) орман және өзге де өсімдік қауымдастықтарын қалпына келтіру;

9) жабайы жануарлардың мекендеу ортасы мен санын қалпына келтіру;

10) жер учаскелерін туристер болатын жерлерді жайластыру, өсімдіктер мен жануарлардың эндемикалық, сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлерін жасанды жолмен көбейту, өсіру, өндіру үшін питомниктер салу, Ұлттық парк қызметкерлерінің тұруы үшін қызметтік үй-жайлар (кордондар) салу, оларға қызмет бабындағы жер үлестерін беру үшін пайдалану.

5. Ұлттық парктің қорғалатын аймағында осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде өсімдіктер мен жануарлар әлемі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды учаскелерге, сондай-ақ мемлекеттік табиғи қорық қорының өзге объектілеріне қол сұғылмауы қамтамасыз етілуге рұқсат етіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК